***Тауарларды /қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт №30***

*Арал қаласы* *2022 жыл "16" қыркүйек*

*Бұдан әрі Тапсырыс беруші деп аталатын* ***<u>«Мергенсай ауылдық округі әкімі аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің</u>*** *атынан****<u>, әкімі Құтмамбетов Марат</u>*** *бір тараптан және бұдан әрі Өнім беруші деп аталатын* ***<u>ЖШС «Тоғыс-Аралотын»</u>*** *атынан директоры* ***<u>М.Т.Жұмашев</u>*** *«Қазақстан Республикасының заңы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ҚРЗ Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 42 бабына сәйкес, биржа шешіміне байланысты 2022 жылғы қыркүйек айында шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты.*

***Бюджеттік сыныптама коды .***

***124****-«Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты»*
***001-*** *-«Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер»*
***015****- Жергілікті бюджет қаражаты есебінен.*
***144****-Отын,жанар-жағар май материалдарын сатып алу.*

| № | Товар атауы | Өлшемі | Саны | Бағасы | ҚҚС-12% | ҚҚС-сыз | Сомасы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Ағаш көмір марка Д | тонна | 8 | 22000,00 | 18857,17 | 157142,86 | 176000,03 |
| | **Барлығы:** | | | | | | **176000,03** |

***( Бір жүз жетпіс алты мың) теңге 03 тиын.***

1. *Осы Шартта төменде санамаланған ұғымдар мынадай түсіндірмені білдіретін болады:*

*1.1 "Шарт" - Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жасалған, жазбаша нысанда тіркелген, тараптар оған барлық қосымшаларымен және толықтыруларымен бірге, сондай-ақ шартта сілтеме бар барлық құжаттамамен бірге қол қойған азаматтық-құқықтық акт;*

*1.2 "Шарттың бағасы" Тапсырыс беруші Шарттың шеңберінде Өнім берушіге өзінің шарттық міндеттемелерін толық орындағаны үшін төленуге тиіс соманы білдіреді;*

*1.3 Келісім шарттың міндеттемелер бойынша орындалу мерзімі 124001015 «Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламалар паспортына сәйкес келуі тиіс.*

*1.4 Төлеу мерзімі: тауар тағайындалған пунктке қабылданғаннан кейін қабылдау-беру актісіне сәйкес қаржы жоспары бойынша жыл көлемінде теленеді.*

*1.5 Тауардың жеткізілу мерзімі:* ***30.10. 2022 жыл.***

*1.6 Төлем кезеңі қаржы жоспарына сәйкес:* ***31.12.2022 жыл.***

*1.7 Ақы төлеу алдындағы қажетті құжаттар: шот-фактура, қабылдау-беру актісі .*

*1.8 Тауарларды беруді Өнім беруші сатып алынатын Тауарлардың тізбесінде айтылған Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес мынадай түрде жүзеге асырады:*

## *2. Тараптардың жауапкершілігі.*

*2.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.*

*2.2. Секвестр және/ немес тиісті бюджеттердің қолма – қол ақшаны бақылау шотында ақша жетпіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманы 0,1% (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспауға тиіс.*

*2.3. Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттеиелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерінтиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл)ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспауға тиіс.*

*2.4. Тауарды жеткізуді тапсырыс беруші өз міндетіне алады.*

*2.5. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.*

*2.6. Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.*

*2.7. Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша міндеттемелерін бермеуі тиіс.*

## *Жергілікті Тауарлар үшін*

*1. Тауарлардың сипаттамасы, тауарлардың санын, тауарларға бірлік бағаны және жалпы сомасы көрсетіп, Өнім берушінің шот – фактурасының көшірмесі;*
*2. Өнім беруші Тауарларды тағайындалған пунктіне дейін беруге тиіс. Осы тауарларды тағайындалған пунктіне дейін тасымалдауды Өнім беруші жүзеге асырады және төлейді, ал оған байланысты шығыстар Шарттың бағасына қосылады.*
*3. Шарттың талаптарын бұзғаны үшін қандай да болмасын басқа санкцияларға зиян келтірместен, Тапсырыс беруші Өнім берушіге міндеттемелерді орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады:*
*а) егер Өнім беруші Тауардың бөлігін немесе барлығын шартта көзделген мерзімде (дерде) немесе Тапсырыс беруші берген осы Шартты ұзарту кезеңі ішінде бере алмаса:*
*б) егер Өнім беруші шарт бойынша қандай да болмасын басқа да өзінің міндеттемелерін орындай алмаса.*
*4. Өнім беруші, егер Шартты орындауды кешіктіріу форс – мажор жағдайларының нәтижесі болса, өзінің шартты орындауды қамтамасыз етуден айырылмайды және Шарттың талаптарын орындамауына орай тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапкершілік жүктемейді.*

*5. Осы шарттың мақсаты үшін «форс - мажор» Өнім берушінің есебіне және салақтығына байланысты емес және күтпеген сипаттағы Өнім беруші тарапынан бақылауға бағынбайтын оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар әскери іс – қимылдар, табиғи немесе зілзала апаттары, індет, карантин мен тауарларды беруге эмбарго сияқты іс – қимылдарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.*
*6. Форс – мажор жағдайлары туындаған кезде Өнім беруші Тапсырыс берушіге мұндай жағдайлар мен олардың себептері туралы тез арада жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден өзгеше жазбаша нұсқаулықтар түспесе, Өнім беруші шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауды ол орынды болғанынша жалғастырады және форс-мажор жағдайларына байланысты емес шартты орындаудың балмалы тәсілдерін жүргізеді.*
*7. Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуы анықталған, сондай-ақ ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген жәрдем көрсеткен жағдайда Мемлекеттік сатып алу туралы шарт кез келген кезеңде бұзылуы мүмкін. Өнім берушіге мұндай негіздеме бойынша Шарттың бұзылуымен байланысты болған шығындар өтемін талап ету құқығына ие емес.*
*8. Тапсырыс беруші мен Өнім беруші тікелей келіссөздер процесінде олардың арасында Шарт бойынша немесе оған байланысты туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды шешуге бар күш – жігерін жұмсауға тиіс.*
*9 .Шарт мемлекеттік немесе орыс тілдерінде жасалды. Шартты төрелікте қарау қажет болған жағдайда шарттың мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі данасы қаралады. Шартқа қатысты барлық хат алмасу немесе тараптар алмасатын басқа құжаттама осы талаптарға сәйкес келуге тиіс.*
*10. Шарт Қазақстан республикасының заңнамасына сәйкес жасалуға тиіс.*
*11. Шартқа сәйкес тараптардың бірі екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама кейіннен түпнұсқасын бере отырып, хат, жеделхат, телекс немесе факс түрінде жіберіледі.*
*12. Осы Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан республикасы қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде (мемлкеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер үшін) тіркеуден өткізгеннен кейін күшіне енеді.*
*13.Келісім шарт 2022 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданыста болады.*

***Тараптардың мекен – жайлары мен деректемелері:***

| ***Тапсырыс беруші:*** | ***Орындаушы:*** |
|---|---|
| *«Мергенсай ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.* | *ЖШС «Тоғыс-Аралотын»* |
| *Арал ауданы, Жаланаш ауылы* | *БИН 980540003064* |
| ***БИН*** *941240001667* | *ЖСК KZ1696525F0007360030* |
| ***ЖСК*** *KZ21070106KSN3302110* | *Арал қаласы Бағысбаев 23* |
| ***БСК*** *KKMFKZ2A* | *«ForteBank» АҚ* |
| ***Код*** *1242609* | *БСК IRTYKZKA Кбе 17* |
| *Арал аудандық Қазынашылық басқармасы* | |
| *__________* ***М.Құтмамбетов*** | *__________* ***М.Жұмашев*** |
| ***МО.*** | ***МО.*** |

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ АРАЛ АУДАНЫ «МЕРГЕНСАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
БСН 941240001667